

Дебат

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара қаласы Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта пектеп.

Педагог – психолог: Садықбеков Ғ.С.

Дебат

Тақырыбы: «Патриоттық, адамгершілік және мейірімділік, ізгілік .» қасиеттер қала және ауыл мектептерінде қалай дамыған ?

Дебатымыздың сарапшыларымен таныс болайық:

Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары М.Әділхан

Директордың бейімдік жұмыстары жөніндегі орынбасары Қ.Садықбеков

Мақсаты:

- Оқушыларға патриотизм туралы түсінік бере отырып, оқушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.
- Оқушылардың еліміздегі патриоттық бағытта жүзеге асырылып жатырған игі істер мен айтулы шаралар, бағыттар туралы түсініктерін кеңейту;
- Екі жақты позицияда оқушылардың сөз жарасымдарына қатыстыру барысында оларды объективтілік, пікір алуындағы елжандылық, принципшілдік қасиеттерге тәрбиелеу;
- Тақырыпқа байланысты әртүрлі деректер, материалдар, фактілер, статистикалық мәліметтерді саралау арқылы оқушылардың танымдық - эвристикалық қабілеттерін арттыру.

Сабак әдісі: Пікір таластыру,

Пәнаралық байланыс: Тарих, әдебиет

Барысы:

«Ән ұран» орындалады

Жүргізуші: Армысыздар құрметті ұстаздар, оқушылар және бүгінгі дебатқа қатысушылар! :«Патриоттық, адамгершілік және мейірімділік, ізгілік .» қасиеттер қала және ауыл мектептерінде қалай дамығанатты дебатына қош

келдіңіздер!

Патриотизм дегеніміз - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман - саулығының қоғамдық – мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз - жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым - қатынасты білдіреді.

Олай болса, бүгінгі дебаттың мақсаты оқушыларға патриотизм туралы түсінік бере отырып отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Ортаға дебатқа қатысушыларды шақырайық:

Қатысушылар

«Қазақстан» тобы

ауыл мектебі

Қартжан Әзберген

Сабырғали Айнаш

Жайылхан Бахтияр

«Жігер» тобы

қала мектебі

Қапаш Гаухар

Жанабай Қазына

Полат Индира

Әрбір спикердің сөйлеу тәртібі уақыты

1- 5 мин.

Алдымен «Қазақстан» тобы

Мақсаты: барлық фактілік дәлелдерді ұсыну арқылы өз позициясына сәйкес конфликтілік жағдайын тудыру.

Міндеті: Әрбір спикердің сөйлеу уақытының шеңберден шықпауын, әдептілік этикасын сақтауын бақылауға алады.

«Қазақстан » тобы жақтаушы позицияны иеленді.

Бұл бағыт бойынша Қазақстанның ауыл мектептерінде адамгершілік, мейірімділік және ізгілік қасиеттері жақсы деген пікірді ұстанды.

«Жігер» тобы даттаушы позицияны иеленді.

Дәл осы көзқарасқа сәйкес қазіргі заманға сай қала мектептерінде адамгершілік, мейірімділік және ізгілік қасиеттері жақсы деген бағытты ұстануда.

Қысқаша топтық резюме:

Екі топ та өздерінің ұстанған позицияларын айқын қорғапшығуға тиісті.

Даттаушы топ өздерінің фактілерін ұсына отырып, нақты бір проблеманы

көтеру арқылы оның:

1. Шығу себептерін
2. Шешу жолдарын
3. Туындау нәтижелерін айқын көрсетуге міндетті.

Жақтаушы топ

әрбір спикерлері өздерінің алдында қорғап сөйлеп кеткен әр жақтаушы спикері сенкейін, ең әуелі оның кейсін тоытарыс беріп, содан кейін оңдәйектемелерін ұсынуға міндетті. Әрбір спикер 5 минут шегінде ой тарқатады. Сөздерін түйіндейді.

Жүргізуші: Топтар өз ойын жинақтаймын дегенше Бекболат Тілеухановтың «Елім менің» әніне кезек берейік.

Марапаттау

«Үздік топ» және «Үздік спикер» номинациялары беріледі. Ал енді сарапшылардың ойын тыңдау үшін сөз кезегін директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары М.Әділханға береміз.

Қорытындылау

Бұл – алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Баскадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек» деген сөз.

Жүргізуші: Бүгінгі дебатқа қатысушы оқушыларға үлкен алғысымызды білдіреміз. Алдағы сындардан сүрінбей өтіп, болашақтарың жарқын болғай. Үлкен Рахмет!

Педагог – психолог:

Ғ.Садықбеков

Тасасерілі
Гүл

Дебат

«Жігер» тобы	«Қазақстан» тобы
қалай мекемедегі Балам Тархан 5,5 Полат Шығар 5,5 Мағдбай Қария 5,5	ауыл мекемедегі. Басман Әбдіраман 5 Сәбуржан Айналы 5 Маймылау Бахыдр. 3
Ұран 5. Сұрағ 1. 4 2. 5 3. 5	Ұран 5. сұрағ 1. 4 2. 4 3. 4 Ойың тұлғасың ирең. Тарихың ауылда.